

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге жария оферта ШАРТЫ

Алматы қ.

«1» қаңтар 2024 ж.

Аталған Жария шарт **«Focus офтальмологиялық орталығы»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады, **БСН 170840017244**, (06.02.2018 жылы берілген № 18002444 медициналық қызметті жүзеге асыру лицензиясы Алматы қаласы әкімдігінің **«Алматы қаласының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі), **ЖСК KZ938562203103172157**, БСК КСЖБКЗКХ, БанкЦентрКредит АҚ АҚФ, веб-сайт: <https://focuseyecenter.kz>, электрондық пошта: **eyecenterfocus@gmail.com**, телефон нөмірі: **8 (727) 337 70 81, 8 (727) 337 70 80**, Жарғы негізінде әрекет ететін **Бас директор Бегимбаева Гүльнара Енбековна** тұлғасында (бұдан әрі мәтін бойынша – «Орындаушы»).

«Focus офтальмологиялық орталығы» ЖШС осы Шартты (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) Шартта көрсетілген шарттарда бұдан әрі «Емделуші» деп аталатын кез келген кәмелетке толмаған жеке тұлғамен не кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілімен не сенімхат бойынша оның өкілімен ақылы медициналық қызметтер көрсетуге байланысты жасасуды ұсынады

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР АҚ) сәйкес оферта шарты болып табылады, оның талаптарын толық және сөзсіз қабылдау (акцепт) Емделушінің осы Шарттың қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауы және\немесе осы Шартқа байланысты өзге де іс-әрекеттерді жасауы болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты осы Шарттың мәтінін мұқият оқып шығыңыз. Егер Сіз Шарттың қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Орындаушы Сізге осы Шартты жасасудан бас тартуды ұсынады.

1. Шарт мәні

1.1. Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Емделуші осы офертаны қабылдаған сәтте бекітілген және қолданыста болатын Баға прейскурантына сәйкес өзінің қызмет бейіні бойынша ақылы дәрігерге дейінгі, амбулаториялық-емханалық және өзге де жұмыстарды немесе қызметтерді (бұдан әрі - медициналық қызметтер) көрсетеді.

1.2. Емделуші осы Шартта көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде көрсетілетін медициналық қызметтер үшін Орындаушыға ақы төлеуді жүзеге асырады.

2. Төлем тәртiбi

2.1. Емделушi осы жария офертаны Емделушi қабылдаған сәтте бекiтiлген және қолданыста болатын Бағалар прейскурантына сәйкес Орындаушыға медициналық қызметтерге ақы төлеудi жүзеге асырады.

2.2. Медициналық қызметтерге ақы төлеу медициналық қызметтер көрсету басталған күннен кешiктiрiлмей, бiрақ кез келген жағдайда медициналық қызметтер көрсету басталғанға дейiн толық көлемде жүзеге асырылады. Тараптар Емделушi медициналық қызметтердi уақытылы төлемеген жағдайда Орындаушы Емделушiге қандай да бiр залалды, оның iшiнде Орындаушының медициналық қызметтер көрсетуден бас тартуы нәтижесiнде туындаған немесе туындауы мүмкiн жоғалған пайданы өтемей медициналық қызметтер көрсетуге кiрiспеуге құқылы екендiгiне толық және сөзсiз келiстi.

2.3. Егер медициналық қызметтер көрсету кезiнде Шартта көзделмеген қосымша медициналық қызметтердi өтеулі негiзде ұсыну талап етiлсе, Орындаушы Емделушiнiң келiсiмiмен (жазбаша болсын, ауызша болсын) медициналық қызметтiң нақты көрсетiлген көлемiн ескере отырып, Шарт сомасына түзету жүргiзедi.

2.4. Орындаушы Емделушiге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем фактiсiн растайтын құжат бередi.

3. Тараптардың мiндеттерi

3.1. Орындаушы мiндеттi:

3.1.1 өз қызметiн ауруларды диагностикалау мен емдеудiң клиникалық хаттамаларына (осы нозологиялар бойынша клиникалық хаттамалар болмаған кезде – медициналық көрсетiлiмдер бойынша жалпыға бiрдей қабылданған тәсiлдер мен дәлелдi медицина базасына сәйкес), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және медициналық қызметтi жүзеге асыруға лицензиялар шеңберiнде жүзеге асыруға;

3.1.2 Емделушiге медициналық қызмет көрсетудiң максималды нәтижесiн қамтамасыз ету үшiн барлық шараларды қабылдауға;

3.1.3 осы Шарт бойынша жұмыс күндерi мен сағаттарында медициналық қызметтер көрсетуге, оларды Орындаушы өз бетiнше белгiлейдi және Емделушiге жалпы көруге қолжетiмдi орындарда, оның iшiнде интернет-ресурстарда орналастыру арқылы жеткiзiледi;

3.1.4 медициналық қызмет көрсету кезiнде қажеттi санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы тәртiптi қамтамасыз етуге;

3.1.5 Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетiн басқа да мiндеттi төлемдер туралы» кодексiне сәйкес, Емделушiнiң сұрау салуы бойынша көрсетiлген медициналық қызметтердiң түрлерi мен көлемiн көрсете отырып, шот-фактураны ұсынуға;

3.2. Емделуші міндетті:

3.2.1 Орындаушы белгілеген жұмыс тәртібі мен режимін айқындайтын ережелерді сақтауға;

3.2.2 Шарт бойынша медициналық қызмет алу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

3.2.3 Орындаушыны медициналық қызмет көрсетуден немесе медициналық қызмет бөлігінен бас тарту туралы медициналық қызмет көрсету күні басталғанға дейін бір және одан да көп күн бұрын хабардар етуге;

3.2.4 Орындаушыға медициналық қызметтер көрсету басталғанға дейін оларға не Орындаушының кассасына, не Орындаушы ұсынған деректемелер бойынша есеп айырысу шотына уақытылы ақы төлеуге;

3.2.5 Орындаушыға өз денсаулығының жай-күйі туралы, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, дәрілік заттарды қолдануға қарсы көрсетілімдер, бұрын бастан өткерген, ағымдағы немесе тұқым қуалайтын аурулар мен медициналық араласулар туралы анық толық және өзіне белгілі қолжетімді ақпаратты, бұрын жүргізілген мамандардың алдын ала зерттеулері мен консультацияларының деректерін (болған жағдайда), медициналық қызмет көрсету барысына әсер етуі мүмкін өзге де факторларды ұсынуға. Өз денсаулығы туралы жасырған немесе толық емес ақпарат ұсынған жағдайда Емделуші медициналық қызмет көрсету нәтижесіне толықтай жауапты болады;

3.2.6 диагностикалау және/немесе емдеу барысында өз денсаулығының жай-күйінің өзгергені туралы, диагностикалаудан және/немесе емдеуден кейін не барысында туындаған барлық асқынулар туралы, сондай-ақ айналасындағыларға қауіп төндіретін (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, ауалы-тамшылы жолмен берілетін) аурулар хабарлау немесе оларға күдік туындаған жағдайларда Орындаушының медициналық қызметкерлерін уақытылы хабардар етуге;

3.2.7 Орындаушының персоналына құрметпен қарауға;

3.2.8 осы Шарт бойынша медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен талаптарын (осы ақпаратты Орындаушының тіркелімінен немесе Орындаушының сайтынан алуға болады), оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Орындаушы мамандарының барлық медициналық нұсқамаларын, тағайындауларын, ұсынымдарын қатаң сақтауға;

3.2.9 Шарттан біржақты бас тартқан жағдайда Емделуші медициналық қызметтерден және/немесе көмектен бас тарту туралы (Орындаушы персоналының пікірі бойынша Емделушінің денсаулығына қауіпті азайтуы немесе алып тастауы мүмкін) жазбаша тиісті қолхат беруге, сондай-ақ Орындаушыға осы Шарт бойынша Емделушіге нақты жұмсалған шығыстарды (олар болған жағдайда) өтеуге міндетті;

3.2.10 Орындаушы медициналық қызметтерді көрсеткенге дейін медициналық қызметтерді алуға ақпараттандырылған келісім беруге.

4. Тараптардың құқықтары

4.1. Емделуші құқылы:

4.1.1 ақылы медициналық қызметтер көрсететін Орындаушының дәрігерлерінің қатарынан емдеуші дәрігерді таңдауға;

4.1.2 кез келген уақытта осы Шарт бойынша, оның қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін медициналық қызметтердің барысы мен сапасын тексеруге;

4.1.3 егер бұрын ұсынылған түсініктемелер оған түсініксіз болса, Орындаушыдан өз денсаулығының жай-күйіне, диагностика мен емдеудің ұсынылған әдістеріне қатысты қосымша түсіндірулер сұратуға;

4.2. Орындаушы құқылы:

4.2.1 Емделуші осы Шартта белгіленген міндеттемелер мен ережелердің кез келгенін бұзған жағдайда медициналық қызметтер көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтатуға, бұл ретте Емделуші Орындаушыға осы Шарт бойынша Емделушіге нақты жұмсалған шығыстарды (олар болған жағдайда) өтеуге міндетті болады;

4.2.2 Емделушіден медициналық қызметтерден және/немесе көмектен бас тарту туралы (Орындаушы персоналының пікірі бойынша Емделушінің денсаулығына қауіпті азайтуы немесе алып тастауы мүмкін), сондай-ақ Емделушіге осы Шарт бойынша нақты жұмсалған шығыстарды (олар болған жағдайда) өтеу туралы жазбаша тиісті қолхатты талап етуге;

4.2.3 Емделуші медициналық қызметтерді алу үшін 15 минуттан артық келмеген не кешіккен жағдайда (тиісті ескертусіз және Орындаушының келісімінсіз), өз қалауы бойынша медициналық қызмет көрсету мерзімінің күшін жоюға не кейінге қалдыруға;

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тараптар осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Орындаушы медициналық қызмет көрсету бойынша келесі жіберілген бұзушылықтар үшін жауап береді:

5.2.1 тиісті сараптамамен дәлелденген көлемі мен сапасы тиісті емес медициналық қызметтер көрсетуге;

5.2.2 Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және (немесе) міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кіретін қызметтер үшін Емделушіден ақы алуға;

5.1.2 бір медициналық қызмет көрсеткені үшін екі есе ақы алуға (Емделушінің қаражаты және бюджет қаражаты есебінен).

5.2. Емделуші көрсетілген медициналық қызметтер үшін, оның ішінде осы Шарттың 2.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Орындаушыға уақытылы ақы төлемегені үшін жауапты болады.

5.3. Тараптар Орындаушының Емделуші алдында моральдық және материалдық жауапкершілік көтермейтініне толық және сөзсіз келісті:

5.3.1. Емделушіге медициналық қызметтер көрсетудің салдарлары үшін (оның ішінде денсаулығының нашарлауы не оның сауығу фактісінің болмауы):

- егер Емделуші Орындаушыға өзінде бар аурулары туралы ақпаратты немесе медициналық қызметтердің сапасына әсер етуі немесе олардың көрсетілуіне кедергі келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жасырса (хабарламаса) не толық ашпаса және/немесе

- егер Емделуші осы Шарттың не медициналық қызметтер көрсетудің кез келген кезеңінде Орындаушының нұсқамаларын, ұсынымдарын, нұсқауларын немесе талаптарын бұзса және/немесе

- Емделушіде Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген препараттар мен материалдарға аллергиялық реакциялар немесе төзбеушілік туындаған жағдайларда және/немесе

- медициналық араласудың жанама әсерлері және Емделуші ағзасының биологиялық ерекшеліктеріне байланысты туындаған асқынулар туындаған жағдайда; және/немесе

- Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында туындаған күтпеген жағдайлардың салдарынан; және/немесе

- басқа медициналық мекемеде медициналық офтальмологиялық және/немесе диагностикалық және/немесе амбулаториялық-емханалық қызмет көрсетуден кейін асқынулардың пайда болуы.

5.4. Егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, атап айтқанда: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи дүлей іс-қимылдар, эпидемиологиялық жағдайлар, әскери және басқа да жауынгерлік, террористік іс-қимылдар, мемлекеттік билік және басқару органдарының іс-қимылдарының салдары болып табылса, бұл мән-жайлар осы Шарттың орындалуына тікелей әсер етсе, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Тараптар Тараптардың осы Шартқа қол қойылғанға дейін де, одан кейін де Шарт бойынша туындаған өз міндеттемелерін толық не ішінара тиісінше орындау мүмкіндігіне не мүмкін еместігіне әсер ететін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Емделушінің азаматтық не әлеуметтік немесе қаржылық жай-күйінің өзгеруі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болып табылмайтынына келіскен.

5.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап осы мән-жайлардың басталуы мен сипаты туралы екінші Тарапқа, бірақ олар басталған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарлауға тиіс. Хабарламада мән-жайлардың басталуы мен сипаты және олардың ықтимал салдары туралы деректер болуға тиіс. Тарап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей екінші Тарапқа осы мән-жайлардың тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуының және ұзақтығының дәлелі Қазақстан Республикасының уәкілетті органының қорытындысы болып табылады.

Хабарламау немесе уақытылы хабарламау Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

5.6 Форс-мажорлық мән-жайлар жағдайында Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылуы осындай мән-жайлардың қолданылу мерзіміне толық көлемде немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

5.7 Егер туындаған форс-мажорлық мән-жайлар мен олардың салдарлары пайда болған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан астам қолданыста болса, онда Тараптар Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе оны бұзу туралы шешім қабылдайды.

6. Шартты өзгерту және бұзу

6.1. Осы Шарттың талаптарын Орындаушы осы Шартты жаңа редакцияда қабылдау жолымен біржақты тәртіппен өзгертуі және толықтыруы мүмкін. Шартқа өзгерістер Орындаушының сайтында, сондай-ақ Орындаушының тіркеліміндегі қағаз жеткізгіште жарияланады. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жария орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Шарт жария орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт шеңберінде Тараптардың барлық міндеттемелері орындалған кезге дейін қолданылады, Шартты мерзімінен бұрын тоқтату, яғни осы Шарт шеңберінде Тараптардың өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайы кірмейді.

7.2. Барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.3. Жария оферта талаптарына қайшы келмей, Тараптар кез келген уақытта жазбаша екі жақты құжат нысанында ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шартты ресімдей алады.

7.4. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты Емделуші мен Орындаушы арасындағы барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.5. Емделуші Орындаушыға және/немесе Орындаушының атынан және оның мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, таратуға және трансшекаралық беруге өз келісімін береді. Дербес деректерді өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, таратуға, трансшекаралық беруге осы Келісім мерзімсіз қолданылады. Тараптар дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, таратуға және трансшекаралық беруге байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы шеңберінде реттелетініне толық және сөзсіз келісті.

7.6. Тараптар, егер Емделуші жазу рәсіміне қатыса отырып, медициналық қызметтер көрсету барысын түсіруге өзінің ауызша келісімін (бұл сөзсіз және мерзімсіз болып табылады) берген жағдайда, Орындаушы бұл пікірді әлеуметтік желілерде, сайтта және

Орындаушының басқа да таныстыру-жарнамалық мақсаттарында орналастыруға құқылы екендігіне толық және сөзсіз келісті, Емделушінің қосымша жазбаша келісім беруі қажет емес.

7.7. Осымен Орындаушы Емделушіге Орындаушының клиникасында аудио-бейне фиксация жүргізілуі мүмкін екенін хабарлайды.

7.8. Осы Шартта қарастырылмаған барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

Орындаушы

«Focus офтальмологиялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН 170840017244 (медициналық қызметті жүзеге асыруға 06.02.2018 жылы берілген №18002444 лицензия)

ЖСК KZ938562203103172157,

БСК KСJVKZKX,

БанкЦентрКредит АҚ АҚФ,

веб-сайт: <https://focuseyecenter.kz/>,

электрондық пошта: eyecenterfocus@gmail.com

телефон нөмірі: **8 (727) 337 70 81, 8 (727) 337 70 80**

Бас директор

Бегимбаева Гульнара Енбековна _____

м.о.